

Жалпы саясат

«TAMOS Education» оқу бағдарламасы екі категорияға бөлінеді: Ұлттық және Халықаралық.

Ұлттық бағдарлама – бұл бағдарлама екі мектепте оқытылады: қазақ және орыс. Екі мектепте де қазақстандық оқу бағдарламасының стандарттарына сүйеніп, оқушыларды 5, 9 және 11 сыныптардағы ұлттық тестілеуге дайындауға бағытталған.

Қазақ бөлімі

Барлық пәндер Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ұлттық оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Орыс тілі екінші тіл ретінде оқытылады.

Орыс бөлімі

Барлық пәндер Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ұлттық оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылады.

Халықаралық бағдарлама – біздің мектептегі Кембридждік мектептің халықаралық бағдарламасының қазақстандық оқу бағдарламасымен бірлесе тиісті сыныптарға арналған аралас оқу бағдарламасы. Оқу жоспарлары балаларға халықаралық стандарттағы білімді бере отырып, 5, 9, 11 сыныптардағы мемлекеттік емтихандарға дайындау түрінде жасалған.

Сонымен қатар, Кембридж мектебінде қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, қазақ географиясы, қазақ тарихы сияқты міндетті пәндер бойынша оқу бағдарламалары оқытылады.

TAMOS Education Кембридж мектебі

Кембридж мектепке даярлық сыныбы

Кембридж мектепке даярлық сыныбы үшін біз мектептің когнитивті дамыту мен британдық PILES (физикалық, тілдік, интеллектуалды, эмоционалды және әлеуметтік даму сатылары) принципіне негізделген оқу бағдарламасын қолданамыз. Ойын, рөлдік ойындар мен қарапайым жобалық жұмыстар арқылы оқытудың түрлеріне аса назар аударамыз. Біздің оқыту ортамыз – қазақ, орыс, ағылшын тілдері. Пәндер қазақстандық оқу бағдарламасының стандарты мен халықаралық когнитивті дамыту тәжірибесінің негізінде жазылған оқу жоспарлары бойынша оқытылады.

Балабақша

Балабақшада математика мен жаратылыстану ғылымдары бойынша Кембридждік 1-деңгейлі оқу бағдарламасын қазақстандық көрсеткіштермен бірге қолданамыз, ал басқа пәндер бойынша когнитивті дамыту, халықаралық оқу бағдарламалары мен қазақстандық стандартқа сай, Англия мен Уэльстің ұлттық оқу бағдарламаларына негізделіп, арнайы жазылған оқу бағдарламасын қолданамыз. Оқушылар ағылшын тілінен Кэмбридждік емтихан тапсыра алады. Қазақ және орыс тілі пәндері Қазақ ұлттық оқу бағдарламасын пайдалана отырып, осы тілдерде оқытылады.

Бастауыш мектеп (1-5 сыныптар)

Бастауыш мектепте Кэмбридждік оқу бағдарламаларын ағылшын тілі, математика, АҚТ мен жаратылыстану ғылымдары қолданылады. Бағдарлама Англия мен Уэльстің ұлттық оқу бағдарламаларына халықаралық және қазақстандық стандарттарға сай жаңартылып жасалған. Қалаған оқушылар Кэмбридж сертификаттары мен FLYERS, STARTERS, KET және PET марапаттары үшін емтихандарға қатыса алады. Қазақ және орыс тілі пәндері Қазақ ұлттық оқу бағдарламасын пайдалана отырып, осы тілдерде оқытылады.

Орта мектеп 1 (6, 7, 8 сыныптар)

1-деңгейлі орта мектепте Кэмбридждік оқу бағдарламаларын ағылшын тілі, математика, АҚТ мен жаратылыстану ғылымдары қолданылады. Бағдарлама Англия мен Уэльстің ұлттық оқу бағдарламаларына халықаралық және қазақстандық стандарттарға сай жаңартылып жасалған.

Қалаған оқушы Кэмбридж сертификаттары мен FLYERS, STARTERS, KET және PET марапаттары үшін емтихандарға қатыса алады. Қазақ және орыс тілі пәндері Қазақ ұлттық оқу бағдарламасын пайдалана отырып, осы тілдерде оқытылады.



Орта мектеп 2 (9-10 сыныптар)

9-10 сыныптар үшін біз Cambridge IGCSE деңгейіндегі халықаралық танылған оқу бағдарламаларын және Қазақстанның ұлттық оқу бағдарламаларындағы кез келген айырмашылықтарды пайдаланамыз. Бұл оқу бағдарламалары оқушыларға бүкіл әлемдегі колледждер мен университеттерге, әсіресе ағылшын тілінде сөйлейтін елдерге кіру деңгейінің негізгі біліктілігі ретінде танылған сертификаттар береді. Қабілетті оқушылар ағылшын тілінен Кембридж емтихандарына қатысады, соның ішінде FCE, CAE, CPE. Қазақ және орыс тілдері ұлттық қазақстандық оқу стандарттарына сәйкес оқытылады.

Жоғары сыныптар (11, 12 сыныптар)

11 және 12 сыныптар үшін біз халықаралық университеттерге түсуге оқушыларды дайындау үшін Кембридж деңгейінің "A" және "AS" пәндері бойынша оқу бағдарламаларын ұсынамыз. 11-сыныпта қазақ және орыс тілдеріндегі пәндер Қазақ оқу бағдарламасының ұлттық стандарттарына сәйкес оқытылады. 12-сыныпта пәндер қазақ және орыс тілдерінде оқытылмайды.

Сондай-ақ, біз IELTS сабақтарын және CPE, BEC (P, V және H), ILEC және ICFE сияқты ағылшын тіліндегі арнайы Кембридж емтихандарын ұсынамыз.

6-форма оқушылары қазақ тілі бойынша жергілікті СТА емтиханын тапсыруға мүмкіндік алады, бұл қазақстандық университеттерге түсуге мүмкіндік береді.

Implemented: March 2019

Выполнено: март 2019 г.

Орындалды: 2019 жылдың наурыз айы

Reviewed: July 2022

Рассмотрен: июль 2022

Қайта қаралды: 2022 жылдың шілде айы

To be reviewed: July 2025

Подлежит рассмотрению: июль 2025

Қайта қарау: 2025 жылдың шілде айы

